

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1005 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 17.02.2017 № 71 қаулысымен.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелері;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар қайта аталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Республикалық есту қабілетін түзету орталығы", Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Республикалық эксперименттік протездеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі – кәсіпорын) бірігу арқылы қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.01.2015 № 18 қаулысымен.

4. Мыналар:

1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыру кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі кәсіпорынға, сондай-ақ осы қаулының 2-тармағының 2)

тармақшасында көрсетілген мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне" деген бөлімде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 227-12, 227-13, 227-14, 227-15-жолдармен толықтырылсын:

"227-12. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ

227-13. "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ

227-14. "Республикалық протездік-ортопедиялық орталық" АҚ

227-15. "Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы" АҚ";

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

6. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы 2014 жылғы 21 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 17-тармағының 20) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағының 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36), 37), 38), 39), 40), 41), 42),

43), 73), 75), 76), 77), 92), 114), 120), 121), 122), 123), 129) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Ереженің 17-тармағының 18), 19) тармақшалары Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін қолданылады.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К.

Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

23

№

1005

қыркүйектегі

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті ;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 5-6-кіреберістер

10. Министрліктің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы:

азаматтардың денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы конституциялық кепілдіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету арқылы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал ету.

15. Міндеттері:

мынадай:

1) азаматтардың денсаулығын қорғау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы, медициналық қызметтердің сапасын бақылау;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз ету;
- 3) халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен қамтамасыз ету;
- 4) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- 5) жұмыспен қамту;
- 6) әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- 7) мүгедектерді әлеуметтік қорғау;
- 8) балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау;
- 9) азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;
- 10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 11) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен Министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

16. Орталық аппараттың функциялары:

- 1) денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- 2) денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- 3) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық, құқықтық актілерді, оның ішінде есепке алу мен есептілік құжаттамасының нысандарын, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;
- 4) денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын қалыптастыру және айқындау, ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және ғылыми сүйемелдеуді үйлестіру, медициналық ғылым тұжырымдамасын әзірлеу;
- 5) жетекшілік ететін қызмет салаларында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы қызметтің түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;
- 7) денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы саясаттың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;
- 8) медициналық көмекті ұйымдастыру;

9) денсаулық сақтау саласындағы стандарттар мен регламенттерді әзірлеу және бекіту;

10) дене және (немесе) психикалық кемістіктері бар балалардың әртүрлі патологияларының түрлерін диагностикалауды, емдеуді ұйымдастыру тәртібін айқындау;

11) босандыру мекемелерінде, балалар емханаларында, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету мекемелерінде "қатер" тобындағы балаларды барынша ерте анықтау үшін скрининг ұйымдастыру және анықталған "қатер" тобындағы және мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу тәртібін айқындау;

12) саламатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыруды ұйымдастыру;

13) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

14) жастар арасында денсаулық сақтау және саламатты өмір салтын насихаттау мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыру;

15) профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу;

16) медицина және фармацевтика ғылымын дамытуды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру;

17) интернатура және резидентура туралы ережелерді бекіту;

18) интернатураның, резидентураның клиникалық мамандықтарының тізбесін бекіту;

19) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

20) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, "қатер" тобындағы балаларды ерте анықтау мәселелері бойынша жалпы практика дәрігерлерін, педиатрлар мен орта буындағы медицина қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз ету;

21) медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау тәртібін, сондай-ақ қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарының тәртібін бекіту;

22) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ережені және оларға қойылатын талаптарды бекіту;

23) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту;

24) өз өкілеттіктері шегінде саланың қажеттіліктерін ескере отырып, медицина және фармацевтика кадрларын даярлауды жоспарлауды жүзеге асыру;

25) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми жобалардың және бағдарламалардың, ғылыми-медициналық әзірлемелердің ғылыми-медициналық сараптамасын жүзеге асыру;

26) туыстас емес транспланттауды жүргізу мақсатында гемопоездікдің жасушаларын, сүйек кемігін өткізген жағдайда, оларды, сондай-ақ диагностикалық ғылыми мақсаттарға арналған немесе биомедициналық зерттеулер жүргізу процесінде алынған жасушалардың, тіндердің, биологиялық сұйықтықтар мен сөлдердің, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті өнімдерінің, физиологиялық және патологиялық шығарындылардың, сүртінділердің, қырындылардың, шайындылардың үлгілерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібін айқындау;

27) уәкілетті органның формулярлық комиссиясының құрамын және ол туралы ережені бекіту;

28) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу стандарттарын бекіту;

29) клиникалық және клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу жөніндегі талаптарды бекіту;

30) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде іс-шаралар кешенін көрсетуге қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін көтермелеу қағидаларын және денсаулық сақтау саласындағы құрметті атақтарды беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын тағайындауды келісу;

32) Этика мәселелері жөніндегі орталық комиссияның құрамын және ережесін бекіту;

33) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

34) төтенше жағдайлар кезінде халықтың ауруларының алдын алу және оларды емдеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымдардың дайындығын қамтамасыз ету;

35) денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарын айқындау;

36) Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларын бекіту;

- 37) азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәртібін бекіту;
- 38) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 39) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту;
- 40) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібін бекіту;
- 41) медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;
- 42) денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу тәртібін айқындау;
- 43) медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 44) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 45) алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету, сондай-ақ азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту тәртібін бекіту;
- 46) консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 47) стационарлық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 48) стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 49) жедел медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 50) санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету тәртібін бекіту;
- 51) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту тәртібін бекіту;
- 52) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын әзірлеу және бекіту;
- 53) Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың тізімін айқындау;
- 54) пациенттер құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсаттарында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 55) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін үйлестіру;

56) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды өткізу тәртібін айқындау;

57) медициналық колледждердің клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттерін жарактандыру нормативтерін әзірлеу және бекіту;

58) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізуді хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жасау тәртібін бекіту;

59) Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды әзірлеу және бекіту тәртібін, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу және келісу тәртібін айқындау;

60) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы инспекциялауды жүргізу қағидаларын бекіту ;

61) биологиялық активті заттардың, фармакологиялық және дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың клиникаға дейінгі (клиникалық емес), клиникалық зерттеулерін жүргізу үшін ұйымдар тізбесін бекіту;

62) көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарға медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібін бекіту;

63) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу тәртібін айқындау;

64) Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың ТМККК алуын қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

65) клиникалық базалар тізбесін бекіту;

66) денсаулық сақтау ұйымдарында ТМККК және ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың үлгілік нысанын бекіту;

67) иондандырушы сәулелену әсеріне ұшыраған адамдардың қаны мен тіндерін алу, сақтау және пайдалану тәртібін айқындау;

68) анатомиялық сый жасау және оны денсаулық сақтау ұйымдарына беру тәртібі мен шарттарын бекіту;

69) денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту;

70) донорларға қан мен оның компоненттерінің донациясы үшін ақы төлеу тәртібін айқындау;

71) паллиативтік көмекті және мейіргер күтімін көрсету тәртібін бекіту;

72) зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту;

73) патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық

бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізу тәртібін бекіту;

74) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін бекіту;

75) пациент пен медициналық ұйым арасында жасалатын, ТМККК шеңберінде медициналық көмек ұсыну жөніндегі үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

76) медициналық техниканың оңтайлы техникалық сипаттамаларына және клиникалық-техникалық негіздемесіне сарапшылық бағалауды жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

77) келісімшарттық фракциялау жөніндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

78) орфандық препараттар тізбесін бекіту;

79) алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту;

80) орфандық (сирек кездесетін) аурулардың тізбесін бекіту;

81) ауыр жұмыстар, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстар саласында, жерасты жұмыстарына еңбек шарттарын жасасу, сондай-ақ халықтың декреттелген тобындағы адамдарды жұмысқа жіберу үшін медициналық қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту;

82) ТМККК шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға бағаларды қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

83) Қазақстан Республикасында медициналық техникаға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

84) Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Университетінде" немесе оның медициналық ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының медициналық ұйымдарында кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға шақырылған адамдарды қоспағанда, шетелдік мамандарды клиникалық практикаға жіберу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

85) тиісті фармацевтикалық практикаларды әзірлеу және бекіту;

86) Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

87) қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде беру тәртібін айқындау;

88) ТМККК шеңберінде профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жататын адамдарға осы қарап-тексеруден өтуі үшін жұмыс берушілердің жағдай жасау тәртібін айқындау;

89) медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды, алгоритмдер мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

90) денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістемесін әзірлеу және бекіту;

91) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындау;

92) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені әзірлеу және бекіту;

93) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізу тәртібін бекіту;

94) денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ кәсіптік даярлықты бағалау және денсаулық сақтау саласындағы мамандар біліктілігіне сәйкестікті растау тәртібін бекіту;

95) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде медициналық білім алған адамдарды денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификатталуға жіберу тәртібі мен шарттарын бекіту;

96) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу тәртібін, мерзімдерін бекіту;

97) 01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

98) 01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

99) 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

100) аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу (ұстап қалу) және аудару тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу және айқындау;

101) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі мен ондағы сақтандыру мерзімін есептеу тәртібін әзірлеу және бекіту;

102) сақтандыру ұйымдарының жүргізілген сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ай сайын ұсыну тәртібін бекіту;

103) 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

- 104) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервтерінің мөлшерін әзірлеу;
- 105) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді әзірлеу;
- 106) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметін қамтамасыз етуге жіберілетін, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсынысты жыл сайын әзірлеу;
- 107) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін әзірлеу;
- 108) бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін әзірлеу және бекіту;
- 109) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық орнықтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асыру;
- 110) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 111) жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтердің түрлері мен оларды ұсыну тәртібін бекіту;
- 112) жоғары технологиялы медициналық қызметтерді көрсететін медициналық ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 113) ТМККК және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға шекті бағаларды бекіту;
- 114) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу тәртібін бекіту;
- 115) медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру тәртібін, оның қызметі туралы ережені бекіту;
- 116) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асыратын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу тәртібін бекіту;
- 117) ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу тәртібін бекіту;
- 118) мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;

119) адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар тізбесін белгілеу;

120) әкімшілендірілетін бюджеттік бағдарламалар бойынша республикалық бюджет қаражатынан ТМККК көрсету жөніндегі шығындарды өтеуді жүзеге асыру;

121) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласында басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ қызметкерлердің және жұмыс берушілердің өкілдерімен үйлестіруді және өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

122) жұмыс берушінің еңбек нормаларын, еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді, қызметтің барлық салалары үшін еңбек жөніндегі бірыңғай және (немесе) салааралық, үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу, бекіту, ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілеу;

123) көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілеу;

124) көрсететін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша өлшемдерді ұсыну, қарау және келісу тәртібін белгілеу;

125) жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру тәртібін бекіту, сондай-ақ оларды ұжымдық қорғаныш құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін белгілеу;

126) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту;

127) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту;

128) тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін экономикалық қызметтің алуан түрлі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік анықтамалықтарын немесе үлгілік біліктілік сипаттамаларын қарау және келісу;

129) әкімшілік персоналға жататын жұмыскерлер лауазымдары атауларының тізбесін әзірлеу және бекіту;

130) оларда жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер

мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін айқындау ;

131) Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларын және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, біліктілік анықтамалығын, сондай-ақ ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, қайта қарау, бекіту және қолдану тәртібін айқындау;

132) Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларын, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын әзірлеу және бекіту;

133) барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және бекіту;

134) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу және қайта қарау;

135) денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы салалық біліктілік шеңберін әзірлеу және қайта қарау;

136) кәсіптік стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілеу;

137) әлеуметтік әріптестік жүйесі мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

138) облыстық деңгейде жасалған салалық және өңірлік келісімдерді тіркеуді жүзеге асыру;

139) еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекіту;

140) мемлекеттік еңбек инспекторларын оқытуды және аттестаттауды жүргізу ;

141) азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

142) азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібін айқындау;

143) мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі қызметін үйлестіру;

144) орташа жалақыны есептеудің бірыңғай тәртібін белгілеу;

145) ұйымда кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындау;

146) еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау тәртібін бекіту;

147) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын бекіту;

148) әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту;

149) ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекіту;

150) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау тәртібін айқындау;

151) жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқау беру және білімдерін тексеру тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

152) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібін белгілеу;

153) еңбекке уақытша қабілетсіздік бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу тәртібін айқындау;

154) жұмыс берушінің қызметін декларациялау тәртібін әзірлеу және бекіту;

155) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы ғылыми әзірлемелердің басымдықтарын айқындау;

156) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру және оларды іске асыруды жүзеге асыру;

157) ұжымдық еңбек дауларын есепке алу нысанын әзірлеу және бекіту;

158) мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін әзірлеу және бекіту;

159) тиісті қызмет салаларының тиісті уәкілетті мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімдерін келісу;

160) азаматтық қызметшілерді аттестаттауды өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

161) әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы және денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін әзірлеу және бекіту;

162) тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының салалық нормативтерін келісу;

163) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді әзірлеу және бекіту;

164) мыналарды:

қоғамдық жұмыстарды;

әлеуметтік жұмыс орындарын;

жастар практикасын;

кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

165) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау, еңбек нарығының жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету;

166) ағымдағы бос орындар және болжанатын жұмыс орындары дерекқорына қосу үшін қажетті мамандықтар мен бос жұмыс орындары туралы мәліметтер беруге арналған әкімшілік есепке алу нысандарын әзірлеу және бекіту;

167) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету;

168) мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлеу және бекіту;

169) жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

170) өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру тәртібін, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

171) мүгедектің жұмыс орнының стандарттарын әзірлеу және бекіту;

172) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу тәртібін әзірлеу;

173) шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама беру;

174) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана арасында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекте және тәртіппен бөлу;

175) жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктерді айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

176) экономиканың кадрларға қажеттілігінің болжамын әзірлеу және оны мүдделі орталық атқарушы органдармен келісу;

177) мыналарды:

ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды;

пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін әзірлеу және бекіту;

178) кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу бойынша шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

179) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін әзірлеу және бекіту;

180) білім беру саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізудің тәртібін әзірлеу және бекіту;

181) халықты жұмыспен қамту орталығының үлгілік жарғысын әзірлеу және бекіту;

182) өңірлердің (аудандардың, қалалардың және облыстардың) жұмыспен қамту картасын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

183) жұмысқа орналастырудың жеке картасын және оны толтыру нысанын әзірлеу және бекіту;

184) әлеуметтік келісімшарттың үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

185) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың халықтың көші-қоны мәселелері бойынша қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

186) шетелдік жұмыс күшін тартуға квота қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

187) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өңірлік квоталарын қалыптастыру, сондай-ақ оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

188) оралман мәртебесін беру тәртібін айқындау;

189) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін айқындау;

РҚАО-ның ескертпесі!

190) тармақша 01.01.2018 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

190) салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын қалыптастыру

қағидаларын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеу және бекіту;

191) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана арасында бөлу;

192) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын іске асыру мониторингін жүргізу;

193) Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның үлгілік ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасына оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне жәрдемақылар төлеудің үлгілік қағидалары мен шарттарын бекіту;

РҚАО-ның ескертпесі!

194) тармақша 01.01.2018 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

194) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Мемлекеттік корпорациямен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы ақпарат алмасу тәртібін бекіту;

РҚАО-ның ескертпесі!

195) тармақша 01.01.2018 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

195) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Мемлекеттік корпорацияға салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданысын тоқтатқан шарттар жөніндегі мәліметтерді электрондық құжат айналымын пайдалана отырып ұсынуы қағидаларын әзірлеу және бекіту;

196) көші-қон процестерін реттеу және мониторингтеу саласында шаралар жүйесін әзірлеу;

197) оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары, уақытша орналастыру орталықтары қызметінің тәртібін айқындау;

198) өндірістердің, жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды) жұмыстармен айналысатын, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін әзірлеу;

199) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

200) баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

201) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

202) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.11.2016 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

203) салымшылардың (алушылардың) нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларына тиісті қаржы жылындағы инфляцияның деңгейін ескере отырып мониторингті жүзеге асыру;

204) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып, орындау қағидаларын әзірлеу;

205) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын әзірлеу;

206) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін жыл сайын арттыру тәртібін әзірлеу;

207) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесін әзірлеу;

208) толық маусым ішіндегі жұмысы жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке жатқызылатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін әзірлеу;

209) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу;

210) 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының болмауына байланысты тұрған жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан агенттер ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару қағидаларын әзірлеу;

211) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін әзірлеу;

212) 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

213) әлеуметтік аударымдарды есептеудің және аударудың тәртібі мен мерзімдерін әзірлеу;

214) Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ оларды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

215) Қордың басшы қызметкерлерін тағайындауға келісім беру;

216) Қордың және Мемлекеттік корпорацияның қаржылық және өзге де есептілік тізбесін, нысандарын және оларды ұсыну мерзімдерін айқындау;

217) Қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді әзірлеу;

218) Қордың қаржылық тұрақтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асыру;

219) Қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін әзірлеу;

220) Қордың бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына байланысты қызметті жүзеге асыру тәртібін әзірлеу;

221) Қор активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы жыл сайын ұсыныс әзірлеу;

222) еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда, Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы ұсыныс әзірлеу;

223) жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы Өндірістердің, жұмыстардың,

кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізімін және еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы Өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізімін әзірлеу;

224) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеу және бекіту;

225) ақылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді ақылы негізде көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

226) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

227) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау тәртібін әзірлеу және бекіту;

228) әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

229) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықты бағалау мен айқындау тәртібін бекіту;

230) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну түрлері мен нысандарын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

231) жеке және заңды тұлғалармен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

232) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдарда ішкі құжаттаманы жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

233) халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдарда киімді және жұмсақ мүкәммалды есепке алу тәртібін әзірлеу және бекіту;

234) мүгедектер мен мүгедек балаларға жеке оңалту бағдарламасына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер, оның ішінде санаторийлік-курорттық ем ұсыну тәртібін бекіту;

235) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

236) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу кезінде қалыптастырылатын құжаттардың нысандарын әзірлеу және бекіту;

237) отбасының жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту;

238) атаулы әлеуметтік көмек, балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу тәртібін айқындау;

239) учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту;

240) 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

241) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу тәртібін бекіту;

242) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге шығыстардың тіркелген үлесін белгілеу;

243) мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

244) медициналық-әлеуметтік сараптаманы және мүгедектерді оңалтуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу;

245) 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

246) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;

247) кедейлік шегінің мөлшерін айқындау;

248) бұқаралық ақпарат құралдарында кедейлік шегінің мөлшері туралы мәліметтерді жариялау;

249) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу және бекіту;

250) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тексеру парақтары мен тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын бекіту;

251) еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау салаларындағы ең төмен әлеуметтік стандарттарды бекіту;

252) өз құзыреті шегінде ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

253) өз құзыреті шегінде мемлекеттік, оның ішінде электрондық қызметтер көрсету;

254) мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде тұтынушылардың құқықтарын қорғауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

255) денсаулық сақтау, медициналық-әлеуметтік сараптама және әлеуметтік-еңбек салаларындағы кадрларды даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру;

256) халық арасында денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

257) консультациялық-кеңесші және сарапшылық комиссиялар құру;

258) денсаулық сақтау саласында ведомстволық статистикалық байқауды қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласында ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу;

259) денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

260) жастар ұйымдарымен денсаулық сақтау, жастарды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

261) жеке және заңды тұлғалардың денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

262) уәкілетті мемлекеттік органдардың, денсаулық сақтау субъектілерінің, әлеуметтік қызметтердің және өзге де денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы ұйымдардың жұмысын әдістемелік және ұйымдық үйлестіру;

263) денсаулық сақтау, жұмыспен қамту саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оларға жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес қол жеткізуін ұйымдастыру;

264) ведомстволық медициналық қызметтері бар мемлекеттік органдардың ведомстволық медициналық ақпараттық жүйелерінің техникалық параметрлерін, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстарының мазмұнын келісуді қамтамасыз ету;

265) жәрдемақылар алуға құқығы бар азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелерді қолдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

266) атаулы әлеуметтік көмек көрсету кезінде ақпараттық жүйелерді қолдау және ақпараттық жүйелер мен дерекқорды пайдалануға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

267) жәрдемақылар алуға құқығы бар азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

268) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды және олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды жүргізу тәртібін айқындау;

269) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алуды жүргізу тәртібін айқындау;

270) Мемлекеттік корпорацияның міндетті әлеуметтік сақтандыру, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

271) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің және Үкіметтің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.11.2016 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17. Ведомстволардың функциялары:

РҚАО-ның ескертпесі!

1) тармақша 01.07.2016 дейін қолданыста болады - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.

1) сот-психиатриялық сараптама жүргізу құқығына біліктілік емтихандарын қабылдау және сот-психиатриялық сарапшыларды аттестаттауды жүргізу;

2) денсаулық сақтау; еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; жұмыспен қамту және көші-қон; әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру; мүгедектерді әлеуметтік қорғау; балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау; азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың, халықты жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдау;

5) өз құзыреті шегінде жобалардың мемлекеттік сараптамасына қатысу;

6) өз құзыреті шегінде лицензиаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін, қан мен оның компоненттерін Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан

Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуді лицензиялау;

8) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы (оның ішінде тіркелмегендерін) ізгілік көмек немесе төтенше жағдайлар кезіндегі көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруді жүзеге асыру;

9) фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулерді, сондай-ақ медициналық технологияларды клиникалық зерттеулерді жүргізуге рұқсаттар беру;

10) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, олардың тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу, мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу, Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

11) дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың тіркеу куәлігінің қолданысын тоқтата тұру жолымен дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техниканың медициналық қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника сериясының (партиясының) медициналық қолданысына тыйым салу және айналыстан алып қою немесе медициналық қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау;

12) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылық дәрежесін айқындау;

13) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;

14) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын және олардың орынбасарларын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын, олардың орынбасарларын, сондай-ақ филиалдарының басшыларын аттестаттауды жүргізу;

15) медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында оларды аккредиттеуді жүргізу;

16) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеу;

17) аккредиттелген субъектілер мен денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сарапшылардың деректер банкін қалыптастыру;

18) ТМККК шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық көрсетілетін қызметтердің бағаларын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

19) денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың, медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу жөніндегі лицензиялау қағидаларының сақталуын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы хабарлама тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

20) профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерінің енгізілуін бақылау;

21) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналысына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

22) медициналық көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, сондай-ақ профилактика, диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін жарнамалауды бақылау;

23) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасына бағалау жүргізуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

24) денсаулық сақтау саласындағы сараптамалардың жүргізілуін бақылау;

25) халықаралық және шетелдік фармакопоялардың стандарттарын, сондай-ақ фармакопоялық мақалаларды (монографияларды) және шетел мемлекеттерінің дәрілік заттарына, медициналық мақсаттағы бұйымдарына және медициналық техникасына арналған стандарттау жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарды тану;

26) медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәрілік заттардың ұтымды тағайындалуын бақылау;

27) денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық техниканың тиімді пайдаланылуын бақылау;

28) дәстүрлі медицина, халық медицинасы (емшілік) қызметтерін көрсету субъектілерінің қызметін бақылау;

29) Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде ТМККК көрсету жөніндегі шығындарды өтеуді жүзеге асыру;

30) ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру мен шығындарды жоспарлау әдістемесін әзірлеу;

31) ТМККК көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдауды жүзеге асыру;

32) медициналық көрсетілетін қызметтер сапасына сыртқы сараптаманы жүргізу;

33) медициналық көмек көлемінің көрсетілуіне және ТМККК шеңберінде ресурстардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге мониторинг;

34) медициналық ұйымдар қызметкерлерін ТМККК шеңберінде жұмыстың түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағдарланған ынталандыру жүйесін бағалауды жүргізу;

35) Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде ТМККК қамтамасыз ету мен кеңейтуге нысаналы ағымдағы трансферттерді қоса алғанда, іске асырылатын бағдарламалар мен бағыттардың енгізілуі мен орындалуына үйлестіруді және мониторингті жүзеге асыру;

36) ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылауды жүзеге асыру;

37) аккредиттелген денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг жүргізу;

38) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауды және біліктілік сәйкестігін растауды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу;

39) халықты профилактикалық егуді ұйымдастыру және жүргізу;

40) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әкелуді (әкетуді) келісу;

41) фармацевтикалық өнімге сертификат (СРР) беру;

42) медициналық ұйымдарды фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер жүргізу құқығына аккредиттеу;

43) сынақ зертханаларын биологиялық активті заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу құқығына аккредиттеу;

44) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеу;

45) ұйымды денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жүргізу құқығына аккредиттеу;

46) фармацевтикалық инспекцияны жүзеге асыру;

47) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мониторингті және тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыру;

48) басшы қызметкерлер мен жұмыс берушілердегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды оқытуға және олардың білімдерін тексеруге қатысу;

49) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес топтық жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру үшін комиссия құру;

50) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексерудің уақтылы және объективті жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

51) жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, ресімдеу және тіркеу мәселелері бойынша жұмыс берушінің, жұмыскердің және мемлекеттік еңбек инспекторының арасындағы келіспеушіліктерді қарау;

52) жеке және заңды тұлғалардың денсаулық сақтау, еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау;

53) жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту, сондай-ақ кемсітпеушілік негізде қазақстандық кадрлардың еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз ету бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындау мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

54) еңбек қатынастарын реттеу және халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, сондай-ақ еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның қызметін үйлестіруді және тексеруді жүзеге асыру;

55) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдардан еңбек қатынастары мәселелері бойынша қажетті ақпарат сұрату;

56) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік еңбек инспекторын тағайындауды келісу;

57) көші-қон процестерін мониторингтеуді жүзеге асыру;

58) халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті органға көші-қон процестерін мониторингтеу нәтижелерін ұсыну;

59) шетелдік жұмыскерлердің өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру туралы өтініштерін қарау;

60) еңбекші көшіп-қонушылардың және этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру және ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тиісті ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

61) оралман мәртебесін беруден бас тартылуы туралы шағымдарды қарау;

62) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу;

63) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы

мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы, жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау және оларды төлеуді қамтамасыз ету;

64) республикалық бюджеттен зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді, Қордан берілетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны мен сомасы туралы деректер жинауды ұйымдастыру;

65) республикалық бюджеттен берілетін зейнетақы тағайындау, зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді алу, сондай-ақ Қордан берілетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен алу мәселелері жөнінде түсіндірме беру;

66) Қор қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер алу;

67) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің, арнаулы мемлекеттік жәрдемақының, мемлекеттік арнайы жәрдемақының, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақылардың, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмектің, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақының, жерлеуге арналған біржолғы төлемнің, Қордан берілетін әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық төленуін бақылауды жүзеге асыру;

68) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың дұрыстығын тексеру;

69) Қордың әлеуметтік төлемдерді тағайындауы, тағайындаудан бас тартуы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы мәселелері бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың шағымдарын қарау;

70) "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қордың қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

71) Қордың әлеуметтік төлемдерді уақтылы және дұрыс тағайындауын бақылауды қамтамасыз ету;

72) Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын бақылауды қамтамасыз ету;

73) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу;

74) организм функцияларының бұзылу және тұрмыс-тіршілігінің шектелу дәрежесіне қарай себебі, мерзімі айқындала отырып, мүгедектік тобын және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу;

75) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктерін әзірлеу, өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты мертлікпен немесе өзге де денсаулық зақымын алған жұмыскердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығын айқындау;

76) халықтың мүгедектігі деңгейі мен себептерін зерделеу;

77) еңбек, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы дерекқорларды қалыптастыру және сүйемелдеу;

78) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің және Үкіметтің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.11.2016 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан және лауазымды адамдар қажетті ақпарат сұрату және алу;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

5) ведомстволардың, олардың аумақтық органдарының, сондай-ақ Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

6) Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету.

3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

19. Министрлікте басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Министр жүзеге асырады.

20. Министрді Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Министрдің өкілеттігі:

1) денсаулық сақтау, еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы саясатты қалыптастырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

3) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

4) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

6) Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

7) ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

8) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Министр болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

23. Министр өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Министрліктің мүлкі

25. Министрліктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

28. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1403 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.01.2015 № 18; 15.04.2015 N 236; 29.01.2016 № 39 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.06.2016 № 339; 01.07.2016 N 389; 01.07.2016 N 391; 09.11.2016 № 681; 28.12.2016 № 880 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 18.01.2017 № 8 қаулыларымен.

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты.
2. Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты.
3. С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.
4. Қарағанды мемлекеттік медицина университеті.
5. Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы.
6. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы.
7. Тері-венерология ғылыми-зерттеу институты.
8. Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы.
9. Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті.
10. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы.
11. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.
12. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.11.2016 № 681 қаулысымен.
13. Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты.
14. Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы.
15. Республикалық санитариялық авиация орталығы.
16. "Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы.
17. Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы.
18. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті.
19. ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық.
20. Республикалық қан орталығы.
21. Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь.
22. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы.

23. Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ұлттық орталығы.

24. Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы.

25. Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь.

26. "Бурабай" республикалық оңалту орталығы.

2. Қазыналық кәсіпорындар

1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.01.2017 № 8 қаулысымен.

2. Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 N 236 қаулысымен.

4. Республикалық орта медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау колледжі.

5. "Алатау" балалар клиникалық санаторийі.

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.12.2016 N 880 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.01.2017 № 8 қаулысымен.

8. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 N 236 қаулысымен.

9. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.01.2017 № 8 қаулысымен.

10. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 18.01.2017 № 8 қаулысымен.

11. "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы.

12. "Бурабай" республикалық оңалту орталығы.

13. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1403 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.01.2016 № 39 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы.

16. Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты.

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

1. СК-Фармация.

4. Акционерлік қоғамдар

1. Ұлттық ғылыми медициналық орталық.

2. Астана медицина университеті.

3. "Құрмет белгісі" орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты.

4. Академик Б.О. Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығы.

5. А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы.

6. "ҚазМедТех".
7. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.06.2016 № 339 қаулысымен.
8. Еңбек ресурстарын дамыту орталығы
9. Республикалық протездік-ортопедиялық орталық.
10. "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы.
11. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры".
12. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
13. "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы.

Ведомстволардың қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері

1. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті.
2. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.
3. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.
4. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.
5. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.
6. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.
7. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.
8. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.
9. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.
10. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.
11. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.
12. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

13. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

14. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

15. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

16. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаменттері

1. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті.

2. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

3. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

4. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

5. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.

6. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.

7. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

8. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

9. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

10. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

11. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.

12. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

13. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

14. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

15. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

16. Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері

1. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті, Көкшетау қаласы.

2. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті, Ақтөбе қаласы.

3. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті, Алматы қаласы.

4. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті, Атырау қаласы.

5. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, Өскемен қаласы.

6. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті, Тараз қаласы.

7. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті, Орал қаласы.

8. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды қаласы.

9. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қызылорда қаласы.

10. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті, Қостанай қаласы.

11. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті, Ақтау қаласы.

12. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті, Павлодар қаласы.

13. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті, Петропавл қаласы.

14. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті, Шымкент қаласы.

15. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті, Астана қаласы.

16. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 N 236 қаулысымен.

1. Қазақ республикалық лепрозорийі.

2. Жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі республикалық психиатриялық аурухана.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.04.2015 N 236 қаулысымен.

4. Республикалық арнайы медициналық қамтамасыз ету орталығы.

5. Әлеуметтік-еңбек саласы кадрларының біліктілігін арттыру курсы.

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

№

1-қосымша

ж ы л ғ ы

1 0 0 5

2 3

Р е с п у б л и к а с ы

к ы р к ү й е к т е г і

қ а у л ы с ы н а

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің қайта аталатын аумақтық бөлімшелері – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне.

департаменті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Ақмола облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Көкшетау қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментіне, Көкшетау қаласы.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Ақтөбе қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне, Ақтөбе қаласы.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Алматы қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаментіне, Алматы қаласы.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Атырау облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Атырау қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Атырау облысы бойынша департаментіне, Атырау қаласы.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан

облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Өскемен қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Өскемен қаласы.

6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қамтамасыз ету департаменті, Тараз қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне, Тараз қаласы.

7. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Орал қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Орал қаласы.

8. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Қарағанды қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне, Қарағанды қаласы.

9. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Қызылорда қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне Қызылорда қаласы.

10. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Қостанай қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментіне, Қостанай қаласы.

11. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Ақтау қаласы Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне, Ақтау қаласы.

12. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Павлодар қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментіне, Павлодар қаласы.

13. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Петропавл қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Петропавл қаласы.

14. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Шымкент қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне, Шымкент қаласы.

15. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Астана қаласы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Астана қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне, Астана қаласы.

16. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Алматы қаласы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне, Алматы қаласы.

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 3

№

1 0 0 5

2-қосымша

Р е с п у б л и к а с ы

к ы р к ү й е к т е г і

қ а у л ы с ы н а

Қайта аталатын мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1403 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.01.2015 № 18 қаулыларымен.

1. Мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "

Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

